

**«Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі  
Бестөбе кентінің №1 жалпы орта білім беретін мектебі»КММ**

**2025-2026 оқу жылындағы  
оқушылардың ББЖМ-ға дайындығы туралы анықтама**

Мектеп бойынша білім алушыларды ББЖМ-ға (Білім беру жетістіктерін мониторингі) дайындау мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Оқу жылының басында ББЖМ-ға дайындық жоспары құрылып, бекітілді. Мақсаты оқушыларды ББЖМ тапсыруға сапалы дайындау үшін оңтайлы жағдайлар жасау. Міндеттері ББЖМ өткізу рәсімі бойынша оқушылардың нормативтік-құқықтық дайындығын қамтамасыз ету. Оқушылардың ББЖМ тапсыру үшін қажетті теориялық және практикалық білімдерін, біліктері мен дағдыларын қалыптастыру. Оқушыларды ББЖМ-ға психологиялық дайындау. Оқу ісінің орынбасары А.З.Наиманова мектеп басшысының алдындағы отырыста пән мұғалімдерін білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу қағидаларымен таныстырды. Қыркүйек айында 4 және 9 сыныптың жетекшілері Қожахметова Қ.Е., Саттарова А.М., Кусаинова Н.Е., Мұхаметжарова А.Б., Құлжанова Г.О. ата-аналар жиналысын өткізіп, нұсқаулықпен таныстырды. Әр пән мұғалімі өз пәндері бойынша жұмыс жоспарын құрды. Консультация кестесі бекітілді. Әр ай сайын пән мұғалімдері тест өткізіп, оған талдау жасап отырды. 4 «А» сыныбында 18 оқушы, 4 «Ә» сыныбында 24 оқушы, 4 «Б» сыныбында 19 оқушы бар. Барлығы -61 оқушы. 9 «А» сыныбында -18 оқушы, 9 «Ә» оқушы -13 оқушы. Барлығы 31 оқушы.

**4-сыныптар бойынша:**

4-сынып оқушыларын математика, қазақ тілі және жаратылыстану пәндері бойынша дайындау бағытында:

- оқу бағдарламасына сәйкес тақырыптар толық қайталануда;
- білімдегі олқылықтарды анықтау мақсатында диагностикалық жұмыстар жүргізілді;
- әр пән бойынша тест тапсырмалары мен жаттығулар жүйелі түрде орындатылуда;
- функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған тапсырмаларға ерекше көңіл бөлінуде;
- қосымша сабақтар ұйымдастырылып, оқушылардың жеке білім деңгейіне қарай жұмыстар жүргізілуде.

**9-сыныптар бойынша:**

9-сынып оқушыларын қазақ тілі, математика, физика, химия, география және биология пәндері бойынша дайындау барысында:

- пәндер бойынша негізгі тақырыптар қайталанып, бекітілуде;
- білім сапасын анықтау мақсатында аралық бақылау және тест жұмыстары алынды;
- күрделі тақырыптар бойынша қосымша түсіндіру жұмыстары жүргізілуде;
- пән мұғалімдері тарапынан жеке және топтық кеңестер ұйымдастырылуда;
- оқушылардың логикалық ойлау, талдау және қорытынды жасау дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар берілуде.

**Қорытынды:**

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде оқушылардың ББЖМ-ға дайындығы қанағаттанарлық деңгейде. Алдағы уақытта білім сапасын арттыру мақсатында жүйелі дайындық жұмыстары жалғастырылады.

**Ұсыныстар:**

- Әлсіз оқушылармен жеке жұмыстарды күшейту;
- Тест форматындағы тапсырмалар санын арттыру;
- Ата-аналармен байланыс жұмыстарын жандандыру;
- Қосымша сабақтардың тиімділігін арттыру.

Оқу ісінің орынбасары



А.З.Наиманова